№38 (9690)
22 қыркүйек,
2023 жыл

ЖАРШЫ

TÜRKİSTAN

www.yassy-tur.kz

29 ҚЫРКҮЙЕК - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖҮРЕК КҮНІ

Қазақстанда бұл күн 2011 жылдан бері 29 қыркүйекте тойланады.

Жүрек-қантамырлары аурулары – қазіргі уақытта әлемде жыл сайын 18 миллионнан астам адамның өмірін қиятын, олім мен мүгедектіктің басты себебі болып табылатын ауру.

Дүниежүзілік жүрек күнінің мақсаты – әлемде жүрек-қантамырлары ауруларының ықтимал туындайтын қауіп туралы білім мен түсінікті арттыру, сондай-ақ халықтың барлық топтарында ишемиялық ауру мен инсультке қарсы профилактикалық іс-шаралардың белсенділігін арттыру.

Жүрек-қантамырлары ауруларына жүректің ишемиялық ауруы, цереброваскулярлық ауру, перифериялық артерия ауруы, туа біткен жүрек ақауы, терең вена тромбозы сияқты аурулар жатады.

Жүрек қантамыр ауруларының пайда болуының қауіп факторлары:

-Артериялық қан қысымының жоғарылауы (140/90 мм сын.бағ. жоғары);

-қандағы жоғары холестерин ,глюкоза деңгейі (жоғары шегі 5,0 ммоль/л);

-артық салмақ және семіздік;

-төмен физикалық белсенділік, дене қимылының аз болуы;

-жемістер мен көкөністерді жеткіліксіз тұтыну;

-тұқым қуалаушылық;

-тәулік көп тұтыну 3-5 г артық (шай қасығынан көп);

-Темекі шегу, алкогольдік ішімдіктер ішу. Никотин тамырларды тарылтады, сондықтан артериялық қан қысымы жоғарылайды. Тамыр қабырғалары зақымданып, оларда түйіндер жиналып, салдарынан жүрек-қантамыр аурулары пайда болады.

Дүниежүзілік жүрек федерациясының мәліметі бойынша салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану, темекі шегуді шектеу және физикалық белсенділік арқылы инфаркт пен инсульттан болатын өлімнің 80% алдын алуға болады.

Сонымен қатар, денсаулық мәдениетін дамыту, ауруларды ерте анықтау үшін жүйелі түрде профилактикалық медициналық тексерулерден өту және ауру дамуының қауіп факторларын азайту, стресспен күресу, агрессивті ортада денсаулықты сақтау қажет.

Денсаулығына, жұмысқа қабілеттілігіне бей-жай қарамайтын, толыққанды өмір сүруді қалайтын кез келген адам күнделікті физикалық жаттығулармен айналысып, жиі серуендеуі керек.

Сіздің артериялық қан қысымыңызды өлшейтін, қандағы глюкоза мен холестеринніңдеңгейін анықтайтын, дене салмағының индексін есептеп беретін медицина ұйымына барып қаралыңыз.

Н.ЗАЙНУТДИНОВА,
Түркістан қалалық емханасының жалпы тәжірибелі дәрігері.

ӘСКЕРИ КЕЛІСІМ-ШАРТ ҚЫЗМЕТІ

Түркістан облысы Түркістан қаласының және Сауран ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің басқармасы ҚР Қарулы Күштерінің 22.11.22 ж. №561 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі» туралы Заңына сәйкес 32 - жасқа дейінгі әскери міндеттілерді келісім – шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне әскери міндеттілерді (запастағы офицерлер, солдат - сержанттарды) келісім - шарт бойынша әскери қызметке бос лауазымдарға жұмысқа шақырамыз.

Жеңілдіктер:

- Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету;
- Қосымша қомуналдық қызметтер үшін ақшалай жәрдем беріледі;
- Тегін киім-кешек;
- Жыл сайын демалысқа шығатындарға сауықтыру үшін екі айлық қызметтік жалақы көлемінде төлемақы төленеді.
- Ауруханаларда және госпитальдерде тегін ем қабылдау тек өзіне ғана емес, сонымен қатар басқа да отбасы мүшелеріне де тегін.

Қойылатын талаптар:

- ҚР азаматы болуы;
- Сотталмаған болуы;
- Әскери кафедра немесе әскери оқыту резервтерінде болған азаматтар ғана қабылданады;
- Денсаулық жағдайы бойынша қызметке жарамды болуы керек.

Әскери қызмет мемлекеттік қызметінің ерекше түрі ғана емес, кәсіби өсу келешегін беретін, әскери қызметкердің өзінің, оның отбасының әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін абыройлы жұмыс.

Түркістан облысы Түркістан қаласының және Сауран ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің басқармасы.

Хабарласу мекен – жайы:
Түркістан қаласы Жолтарыс хан көшесі №1.
Хабарласу сымтетігі: 8(725-33)-3-23-77, 8-707-187-12-12.

САРЫП АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Сарып (бруцеллез) – адамдар мен жануарлардың созылмалы, өткір инфекциялық-аллергиялық ауруы. Ол өкпенің қабынуы, лимфа түйіндерінің, жүйке жүйесінің және тірек-қимыл аппаратының зақымдалуымен сипатталады, барлық жерде таралған зоонозды ауру. Инкубациялық кезең бір айтадан бірнеше айға дейін созылады. Бұл аурудың әсерінен барлық жануарлар да сал ауруына шалдығуы, буаз малдар іш тастауы мүмкін.

Бруцеллез ауруының қоздырғыштары бруцелла бактериясы, олар төмен температурада және мұздатуға төзімді, суда 5 ай, топырақта 3 ай, тәулалан теріде 2 ай, жүйде 3-4 ай сақталады. Сүтті қайнатып, пастерлеп дезинфекциялаған кезде ғана бірнеше минуттан соң жойылады. Адам ағзасына бруцелла ас қорыту және тыныс алу жолымен, сондай-ақ зақымдалған тері арқылы және малмен таралады.

Адамдар бруцеллезді мынадай жағдайда жұқтыруы мүмкін:

1. Ауру малды сою кезінде;
2. Шикі және шала пісірілген ет және сүт өнімдерін пайдалану кезінде;
3. Жүн-тері өңдеу кезінде;
4. Ауру малды күтіп-ұстау (соның ішінде төлдеу кезінде).

Бруцеллез ауруының белгілері:

1. Температураның көтерілуі;
2. Адамның терлеуі;
3. Буын бұлшық еттерінің ауруы;
4. Әлсіздік, тобеттің және салмақтың жоғалуы.

Негізгі алдын алу шаралары:

1. Жануарлар күтіміне байланысты барлық жұмыстарды, әсіресе төлдеу науқанында арнайы қорғаныш киімдерін (арнайы киім, аяқ киім, қолғап) кию кергізу; бруцеллез ауруының алдын алу және жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау;
2. Балаларды, жасөспірімдерді және жүкті әйелдерді араластырмау қажет;
3. Иелігіндегі ауылшаруашылық жануарларының қанын жоспарлы түрде зертханалық тексеруден өткізу;
4. Ветеринариялық анықтамасыз сүт және сүт өнімдерін бейберекет сауда орындарынан сатып алмау керек.

Кез келген ауруды алдын ала жеңуге болады.

У.НУРМЕТОВА,
Түркістан қалалық СЭББ жетекші маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

26.10.2023 ж. сағ. 11:00-де Түркістан обл., Сауран ауд., Иассы а.о., Түркістан-Шәуілдір тр., и/з мекен жайында Түркістан ҚТҚ полигонына арналған жол берілетін шығарындылардың нормативтері жобасы, ӨЭБ, ҚББ, ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жоба тапсырысшысы: «Түркістан жарық-тазалық» ЖШС-і, мекен жайы: Түркістан қ., Искабекова көш., 4, тел.: 8(725)33-4-09-55, jaryk-tazalyk@bk.ru.

Нормативтер жобасын әзірлеуші: ЖК Сыдыкова Н., Шымкент қ., Қ.Төлеметов, көш. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru.

Жобалық құжаттамамен танысу ecoportal.kz порталынан қарауға болады. Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: nurzhamal-sydyko@mail.ru, 8(725)33-4-09-55.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жариланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық пысанда «ТО ТР және ТП РБ» ММ-не мына мекен жай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Б.Саттарханов даңғылы, 27Т, a.shymabekova@ontustik.gov.kz,тел.: 87253363845.

Түркістан облысы Сауран ауданы Орангай ауылы Ж.Жабаев көшесі №11 үйдің тұрғыны ЖСН 350105401871 Нарметова Мукарамның тұрғын үйге қатысты құжаттары жоғалды. Табқан жандар болса 87071062839 нөміріне хабарласуын сұранамыз.

ҚЫЗЫЛШАНЫҢ АЛДЫН АЛУДА ЕКПЕНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қызылша (қорь) - бұл жылдам таралатын жұқпалы ауру, көбінесе балалар ауырады. Ауру адаммен байланыста немесе қасында болғаннан кейін он күннен соң сұық тию белгілерінен басталады.

Аурудың өрбу кезінде анықтау қиындық туғызбайды. Теріде қызылша бөртпелері шыққай тұрғанда, науқастың қызылшамен ауырған ортада болуы, тамағындағы қабыну, көздің қызаруы, ұртта Бельский-Филатов-Коплик ақшыл бөртпелердің пайда болуы диагнозды растайды. Аурудың берілу жолы - ауа-тамшы арқылы. Вирус сөйлескенде, жөтелгенде, түшкіргенде ауру адамның сілекейінен сыртқы ортаға түседі.

Инкубациялық кезең – жұқтырғаннан бастап алғашқы белгілері байқалғанша, 7-ден 14 күнге дейін. Есте сақтау керек: ауру бөртпе пайда болып басталмайды, сұық тию белгілері сияқты басталады. Дене қызуы 38-40 градусқа көтерілу, әлсіздік, тәбет тартпау, құрғақ жөтел, мұрыннан су ағу.

Сонынан конъюктивит-көзі қызарып қабыну пайда болады. Алғашқы белгілері байқалып, шамамен 2-4 күннен кейін ауыз қуысында ақшыл түстеріне қарсы ұсақ ақшылдау бөртпелер пайда болады. 3-5 күні бөртпелер айқын дақ түрінде қатпан, көбейіп кетеді. Құлақтың түбінен, маңдайдан бастап, ары қарай бүкіл денесін жауып кетеді. Ұсақ қызғылт дақтар үлкейіп, бір-бірімен қосылып, формасы өзгереді. Бөртпе пайда болып, 2-3 күннен кейін дақтар өршіп тұрған кезде дене қызуы тағы да көтеріліп, 40,5 градусқа жетуі мүмкін. Бөртпе 4-7 күн тұрады. Олар жоғалған соң, орнында қоңырлау дақтар қалады, екі аптадан соң тері тазарады.

Қызылшамен ауырмаған және егілмеген адамда өмір бойы ауруға шалдығу қаупі кез-келген жаста болады. Ауырып, жазылған адамда өмір бойға иммунитет сақталады. Анасы қызылшамен ауырып қойған балада туғанынан 3 айға дейін шалдығу қаупі болмайды, өйткені осы уақытта оның қанында сақтайтын анасының қарсы денелері сақталады.

Қызылшаның алдын алуда тиімді де сенімді шаралардың бірі – егілу. Қызылшадан егілу сақтану иммунитетін қалыптастырады. Профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбелігіне сәйкес балаларды қызылшаға қарсы жоспарлы вакцинациялау 1 жас кезінде және қайталап 6 жаста жүргізіледі Қызылша пайда болса, ауырған адам болған инфекция ошағында, ұжымда эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіледі.

Инфекцияға қарсы күрестің ең қолжетімді және тиімді әдісі вакцинация болып табылатынын естен шығармау керек.

Н.МИРЗАХОЖАЕВ,
Түркістан қалалық емханасының жалпы тәжірибелі дәрігері.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

26.10.2023 г. в 11:00 проводятся общественные слушания в форме открытых собраний на проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), ПЭК, ПУО, ППМ для полигона ТБО г.Туркестан по адресу: Туркестанская обл., р-н Сауран, с/о Иассы, тр.Туркестан-Шауилдирская, б/н.

Заказчик проекта – ТОО «Түркістан жарық-тазалық», адрес: г.Туркестан, ул.Искабекова,4, тел.: 8(725)33-4-09-55, эл.адрес: jaryk-tazalyk@bk.ru.

Разработчик проекта: ИП Сыдыкова Н., адрес: г. Шымкент, ул.К.Тулеметова, 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале ecoportal.kz. Дополнительную информацию можно получить по номеру и эл.адресу: nurzhamal-sydyko@mail.ru, 8(725)33-4-09-55.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «УПР и РП ТО» по следующим адресам: г.Туркестан пр. Б.Саттарханова, 27Т, a.shymabekova@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Судейменов Алишер Рискуловичтің атына берілген қадастрлық нөмірі 19-304-054-1097 мемлекеттік актісінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

МҰРАГЕРЛІК ЖАРИЯЛАНАДЫ

Түркістан қаласы Әл-Фараби көшесі №34 үйдің тұрғыны 01.09.2023 жылы қайтыс болған Азатова Гавухардың мүлкіне мұра ашылды.

* * *

Түркістан облысы Сауран ауданы Жана Икан а.о. Ибата ауылының тұрғыны 17.06.2020 жылы қайтыс болған Исабеков Султанмураттың мүлкіне мұра ашылды.

* * *

Түркістан облысы Сауран ауданы Ескі Икан ауылының тұрғыны 06.08.2023 жылы қайтыс болған Саидходжаев Пайзирахманның мүлкіне мұра ашылды.

* * *

Түркістан облысы Сауран ауданы Ескі Икан ауылының тұрғыны 04.02.2023 жылы қайтыс болған Касимова Гулжанның мүлкіне мұра ашылды.

* * *

Түркістан облысы Сауран ауданы Шаға ауылдық округі Ынтымақ ауылының тұрғыны 12.01.2016 жылы қайтыс болған Керимбеков Джорабектің мүлкіне мұра ашылды.

* * *

Түркістан қаласы, Самал мөлтек ауданы №46 үй 36 пәтердің тұрғыны 2023 жылы 19 сәуірде қайтыс болған Сулейменова Айсулу Исаевнаның мүлкіне мұра ашылады.

* * *

Түркістан қаласы, Сандыбай көшесі №131 үйдің тұрғыны 2023 жылы 6 сәуірде қайтыс болған Исмагулов Ералы Алиевичтің мүлкіне мұра ашылады.

ХАБАРЛАМА

Түркістан қаласы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысы әкімі Д.Сатыбалдының тапсырмасына сәйкес, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы мен Әмір-Темір көшесі қиылысында орналасқан бос жер теліміне жаңа нысан орналастыру бойынша, «Шығыс үлгісіндегі орта ғасырлық қонақжайлар мен асханалар кешені» нысанының сәулеттік-көркемдік кейбегін, композициялық және көлемдік-жоспарлау шешімдерін, кешенді абаттандырудың сәулет тұжырымдамасын әзірлеуге» эскиздік ашық байқау жариялайды.

Байқау құжаттарын қабылдау 25.09.2023 – 10.10.2023 ж.ж. аралығында, saulet_tur_city@mail.ru сайтында қабылданады.

КӨҢІЛ АЙТАМЫЗ

Түркістан қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі, Қ.Р «Білім беру ісінің үздігі Ибадулла Исатаев өмірден озды. Ол 1950 жылы 19 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданындағы «Победа» колхозында туған. 1960 жылы Саттар Ерубаев атындағы №7 мектеп интернаттың бірінші сыныбына қабылданып, 1968 жылы сегізінші сыныбын бітірді. 1970 жылы Мәншүк Мәметова атындағы орта мектепті «жақсы» бағамен бітіріп, сол жылы Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетіне түсіп, оны 1976 жылы ойдағыдай бітірді. Еңбек жолын Түркістан ауданындағы «Қарашық» сегізжылдық мектебінде химия-биология пәндерінің мұғалімі болып бастады. Бір жылдан соң мектеп директорының төрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

1980-1987 жылдары «Победа» кешкі жастар мектебінің директоры, 1987-1988 жылдары «Құмтүйін» орта мектебінде төрбие жұмысының ұйымдастырушысы, 1988-1990 жылдары ауандық сыртай оқыту орта мектебінің директоры, 1990-1992 жылдары «Шорнақ» ауылындағы №5 мектеп интернаттың директоры қызметін атқарды. 1992 жылы Түркістан аудандық білім бөлімінің әдіскерлік бөлімінде химия-биология пәндері бойынша әдіскер болып тағайындалды. 1993 жылдан бастап Түркістан қаласындағы Майшай Әбенова атындағы орта мектептің директоры қызметін атқарды. Басшылық қызметтегі ұйымдастырушылық қабілеті мен өз пәнінің маманы ретінде еңбектері лайықты бағаланып, 1995 жылы ҚР «Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. 2004 жылы Бірыңғай ұлттық тест қорытындысы бойынша жеткен жетістіктері үшін, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, еңбектегі жоғары көрсеткіштерге жетуіне орай облыстық департаментінің, қалалық білім бөлімінің мақтау грамотасымен, Түркістан қаласы әкімінің бірнеше мәрте алғыс хаттарымен марапатталды.

Ибадулла Исатаевтың киелі Түркістан аймағына сіңірген еңбегі жылдар өткен сайын жарқырай көрініп, асқақтай түседі. Қадірменді қариямыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Туған туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Түркістан қалалық Ардагерлер кеңесі.

Сканировано с CamScanner

№38 (9690)
22 қыркүйек, 2023 жыл

Қоғамдық-саяси апталық

ТҮРКІСТАН

Газет 1930 жылдың 4 қазанынан шыға бастады

www.yassy.kz
turkistan_gazeti@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ ӘЛЕМ КӨШБАСШЫЛАРЫНА ҮНДЕУ ТАСТАДЫ

Америкалық The Hill саяси басылымы әлем елдерінің көшбасшыларына үндеу тастаған Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласын жариялады.



Біріккен Ұлттар Ұйымы осыдан 78 жыл бұрын құрылғаннан бері БҰҰ Бас Ассамблеясы жаһандық деңгейдегі өзекті мәселелерді шешу үшін әлемдегі ең ықпалды көшбасшылардың басын қосып келеді. Жыл сайын бұл саммитке жиналатын ат төбеліндей азаматтардың мойнына орасан зор жауапкершілік артылады. Сондай-ақ жиында, бір қарағанда, елеусіз болып көрінетін, ал шын мәнінде миллиардтаған адамның тағдырын өзгертуге алатын шешімдер қабылданады.

Биылғы жауапкершілік жүгі әдеттегіден әлдеқайда ауыр. Осыдан ондаған жыл бұрын мемлекеттер халықаралық қарым-қатынаста бір-біріне қарама-қайшы екі тарапқа ғана бөлінсе, енді мүлде ыдырап, бөлшектенің барады. Біз бұған жол бермеуіміз керек. Ақиқатын айтайық, қазір – жер шарының алдағы тағдыры айқындалатын, адамзат тарихындағы ең маңызды кезең.

Дүниежүзінің көшбасшылары климаттың өзгеруі, жасанды интеллект және басқа да көптеген мәселе бойынша алдағы айларда немесе жылдарда нақты шешім қабылдауы керек. Бұл шешімдер ондаған, тіпті жүздеген жылға ықпал етеді. Осы орайда халықаралық диалогтың әрбір қыры маңызды, мәнді бола түседі.

Бүгінде әлемдегі әріптестерім өз уақытын жаһандан пайда болған дағдарыстар мен түйткілдердің түйінін тарқатуға жұмсап жүр. Біз, біршама басшы ретінде мұндай сын-қатерлерді елемей отыра алмаймыз.

Мен жер жүзіндегі әріптестерімге үн қатқым келеді. Біз жалпы адамзаттың болашағы үшін жауапты екенімізді ешқашан естен шығармауымыз керек. Ол міндет – саяси мансабымыздан да, жер бетінде өлшеп берілген өмірімізден де артық.

Соңғы жылдардағы оқиғалардан өзіміз бұрыннан нақты білетін, бірақ онша мән бере қоймаған қауіп-қатерлерге мүлде дайын емес екенімізді айқын көрінді. Өйткені ондай жағдай туындауы екіталай деп бейқам жүрдік.

Пандемия – соның нақты көрінісі. Қарапайым вирус штаммы туғызған дүрбелеңге бір де бір елдің толық дайын болмағаны рас.

Тағы бір мысал – ауа райының өзгеруі. Бұл дағдарыс аяқ астынан, бірнеше күнде пайда бола қалған жоқ. Ол бірте-бірте ондаған жылдар бойы көз алдымызда баяу дамыды. Адамзат бұған немқұрайлы қарап, қажетті шешім қабылдауды кейінге қыса берді. Болар іс болып, болуы сіңіп, енжарлығымыздың зардабы өшімізге тие бастағанда ғана ахуалды түзету үшін қам жасауға кірістік. Бірақ бұл шаруа қолымыздан келе ме, жоқ па, оны уақыт көрсетеді.

Осы қауіптердің ішіндегі ең сұмдығы – ядролық қарумен қырып-жою қатері. Бұл қатер соңғы айларда бұрын-соңды болмаған деңгейге жетіп, ядролық державалар арасындағы текетірес күшейе түсті. Мұндай қақтығыстар әлемнің түкпір-түкпірінде бой көрсете бастады, тіпті дағдай сонау Қырғи-қабақ соғыс кезіндегіден де шиеленісіп кетті.

Қазақстан ядролық қарудың зардабын катты тартқан ел ретінде жаппай қырып-жоятын қаруды таратуға қарсы жаһандық қозғалыс көшінің басында жүр. Алайда бірқатар жетістікке жеткенімізге қарамастан, әлі де құрдымға кетудің аз-ақ алдында тұрмыз. Бұл жағдай жылдар бойы жалғасқан бейбіт өмір сыйлаған мүмкіндікті пайдалана алмағанымыздың көрсетеді.

Осы мәселенің айрықша маңызды екеніне қарамастан, әбден қордаланған бұл түйткілге өте сирек назар аударамыз. Қазір саяси қарым-қатынастың белсенділігі арта түскенімен, біз бәрібір қолымызды мезгілінен кеш сермеп, тығырыққа тірелген сәтте ғана оны шешуге талпынамыз.

Тіпті, бүгінде климаттың өзгеруіне қатысты өте өлшеулі проблеманың өзін халықаралық форумдар мен кездесулердің күн тәртібіндегі шұғыл шешуді қажет ететін маңызды мәселелер тізімінен жиі түсіп қалады және өткелі дағдарыс ретінде қарастырылады.

Әрине, кейінгі ұрпақтың тағдырына алаңдасақ, қазіргі жүтеңсіздікке жол беруге болмайды. Біз өз елдеріміздің көшбасшысы ретінде халқымыздың тұрмыс сапасын жақсарту үшін қолдан келгенінің бәрін жасап, күнделікті туындайтын мәселелерді үнемі шешіп отырамыз. Бұл жауапкершілікті қаперден шығарып алсақ, саяси мансабымыздың ғұмыры қысқа болмақ.

Сонымен бірге біз алдағы проблемалардың қайсысы маңызды екенін айқындап, халқымыздың болашағына тікелей әсер ететін мәселелерге көбірек назар аударуымыз керек.

Қазақстан ядролық қарусыздану ісіне күш-жігерін жұмсай отырып, жоғарыда айтылған бірнеше бағыт бойынша белсенді жұмыс жүргізеді.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының Биологиялық қауіпсіздік агенттігін құру қажет деп санаймыз. Бұл құрылым әлем қауымдастығының алдағы уақытта пайда болуы ықтимал пандемиямен тиімді күресуіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге біз жаһандық су және азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін ашық көтеріп келеміз. Уран, литий, сирек кездесетін металдар және басқа да маңызды пайдалы қазбаларды игерудің тиімді тәсілдерін іздестіру арқылы болашақтың экономикасын қалыптастыру үшін халықаралық серіктестермен тізе қосып жұмыс істей береміз.

Алайда бұл күш-жігеріміз, шын мәнінде, халықаралық деңгейде қолдау тапса ғана маңызды әрі тиімді болмақ. Ол үшін бүкіл әлемдегі мемлекеттердің көшбасшылары табанды, көреген болуы және батыл шешімдер қабылдай білуі қажет. Бұл – әсіресе, жаһандану үдерісі мен бұқаралық ақпарат құралдары саяси қысымын арттырып, елдердің арасына жік салып жатқан мына заманда оңай шаруа емес. Мұндай үрдіс өз іргемізде де, алыс аймақтарда да болып жатыр.

Дегенмен адамзат тарихындағы тұрақты және өркениетті әлемге жол ашамыз десек, мәселені тереңнен ойлап, алысқа көз тігуден басқа амал жоқ. Біз негізгі күш-жігерімізді алдағы бірнеше айды ғана емес, тұтас ғасырдық болашағымызды айқындауға жұмылдыруымыз керек. Әйтпесе, өз азаматтарымыздың және барша адамзаттың алдындағы парызымызды өтей алмаймыз.

ШАҺАРДЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖҮЙЕСІ БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс орталығында тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатындағы жұмыстар бір сәтке де толастап жатқан жоқ. Соның ішінде шаһардағы инфрақұрылым жүйелерінің кем-кетігін заман талабына сәйкестендіру ісі қарқынды жүргізілуде десек артық айтқандық болмас.

Сөзіміздің дәлелі ретінде апта сайын өңір басшысы Дархан Сатыбалды аталған сала бойынша тиісті нысандарды аралап, ондағы жұмыс барысымен танысуды әдетке айналдырған. Осындай кезекті сапар осы аптада тағы да жалғасын тапты.

Атап айтсақ, Түркістанда 65,7 шақырымды құрайтын 48 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ә.Жангелдин, І.Қожабаев, Қазыбек би - О.Жарылқапов көшелерінің аралығы және Қалаби көшесі құрылыс жұмыстары барысында жүріс бөлігі 4 жолақты жолға кеңейтіліп, жарықтандыру жүйесі, аяқжол, веложол, суағар науа, көпір салынады.

Ұзындығы 7,4 шақырымды құрайтын жол қала тұрғындарының бірнеше бағытта жүруіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін, қаланың орталық көшелеріндегі көлік кептелістері азайып, қала тұрғындары үшін жаңа қоғамдық көлік бағыттары ашылады.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды аталған құрылыс алаңдарын аралап, қаланың маңызды әлеуметтік нысандары мен инфрақұрылымының дайындығына баға берді. Құрылыс алаңында болып, мердігерлермен кездесті. Жұмыс сапасына басты назар аударуды тапсырды. Сонымен бірге, облыс әкімі шаһардағы бірнеше жолдардың құрылысын пысықтады.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік нысандарға (мектеп, балабақша және т.б.) баратын және соларға қосалқы жатқан 43 көшеге аяқжол салынып жатыр.

Түркістандағы құрылыс нысандарын аралаған облыс әкімі шаһарды сумен қамтитын «Түркістан-Су» мекемесінің жайкүйімен танысты. Мамандардың айтуынша, 27 КНС және сарқынды су тазалау ғимаратының сумен жабдықтау және көріз жүйелері жөндеуді қажет етеді.

Бұл Түркістан қаласының 40 мыңға жуық тұрғыны мен 629 әлеуметтік нысандарға 24 сағат тоқтаусыз таза сумен қамтамасыз етіп отырған көсіпорын. Қазіргі уақытта 1965-1982 жылдардан бері салынған су құбырлары бюджет есебінен алмастырылып жатыр. 10 сарқынды су насос станциялары ағымдағы жөндеуден өткізіліп, жаңа насос және желдеткіш қондырғыларымен қамтамасыз етілуі қажет.

(Жалғасы 2-бетте).

ТАЙҚАЗАННЫҢ ТУҒАН ОТАНҒА ОРАЛҒАНЫНА - 34 ЖЫЛ!

Күллі түркінің тұмар қаласына айналған Түркістанның Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің төрінде тұрған Тайқазан турасында тағдыршешті оқиғалар көп болған. Үлкен мәдениеттің жарқын үлгісіне айналған бұл қазан орта ғасырдан бергі түркі өркениетінің, қазақ тарихының куәсі болып келеді. Көркем кесененің көркіне айналған бұл жәдігердің жасалу тарихында тереңде. Сирек кездесетін 7 түрлі металл қоспасынан құйылған бұл Тайқазанға биыл 620 жыл, ал оның Түркістанға әкелінгеніне 34 жыл толып отыр.



Дүниежүзіне атағы дүркіреген алпауыт өскерткішті жасау да таңдаулы шеберлерге ғана бұйыратын бақ болары хақ.

Тарқатып айтсақ, Тайқазан 1399 жылы Қарнақ елді-мекенінде Әбділ Әзиз ибн Шарафаддин Тебризидің ұстаханасында құйылған. Қазанның салмағы 2 тонна, сыйымдылығы 3 мың литр, диаметрі – 242 см, тұғырдың диаметрі – 60,7 см, биіктігі 162 см, тұғырының биіктігі 54 см. Зерттеушілердің дерегінше, он бөліктен тұратын қазанның астыңдағы тіреуіші сегіз бөліктен құралған. Бүгінде қазан құйылған пештің орны анықталып, сол кезде жұмыс істеген шеберлер жайлы зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Тайқазанның бетіндегі жазулар үш бөліктен тұрады. Жоғарғы бөлігінде Тәубә сүресінен үзінді жазылса, одан кейін Пайғамбар хадисі жалғасады, төменгі бөлігінде қазанның жасалу мақсаты мен аяқталған жылы берілген. Алғашқы қатардағы Құранның «Тәубә» сүресінің 19-аятынан үзіндіде Пайғамбарымыздың: «Кімде – кім Алла тағала үшін су құятын ыдыс жасаса, жұмақта оған арнап хауыз дайындайды», – деген хадисі, сондай-ақ «әлемдегі шайхтардың сұлтаны Ахмет Ясауидің мазары үшін Әмір Темірдің бұйрығымен жасалған», - деген сөзбен қатар «жиырмасыншы шәуәл, 801 жыл» деген уақыты айшықтаған. Бұл біздің жыл санауымыз бойынша 1399 жыл деген сөз. Тарих беттерінен белгілі болғандай, сұлу өнер туындысына сұқтанып, құйтырқы саясатпен айналысқан жандар да болған. Тарихтың түрлі көлеңкелі тұстары туралы деректер қайта жарыққа шыға бастаған кезеңнен бастап, Тайқазанның тағдыры жайлы толығырақ біле бастағанымыз анық.

(Жалғасы 3-бетте).

Сканировано с CamScanner